

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Бүкіл әлемде ерте жас (туғаннан бастап 3 жасқа дейін) баланың психикалық және физикалық дамуының маңызды кезеңі болып табылады. Бұл мәселенің өзектілігі балалар өмірінің алғашқы үш жылында өмір бойы қажет болатын әрекеттерді үйренеді.

Халықаралық зерттеулерде мектепке дейінгі ұйымға бару және мектептегі білім беру жетістіктерінің нәтижелері арасындағы оң байланыс анықталды. PISA зерттеуі ЭЫДҰ елдерінде балабақшаға кемінде бір жыл барған балалар мектептегі өз құрдастарынан 1,5 жылға алда екенін көрсетеді (Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы).

Ерте әлеуметтендіру мәселесінің маңыздылығы бірқатар құжаттармен расталады: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, сондай-ақ Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзі және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілер.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты міндеттерінің бірі – әр баланың өміріндегі табысты бастама ретінде ерте жастағы балалардың сапалы мектепке дейінгі білімге қол жетімділігін кеңейту болып табылады. Қолжетімді және сапалы мектепке дейінгі білім беру Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейін тұрақты даму міндеттерінде қамтылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Әлеумет» білім беру саласы ретінде арнайы берілгені маңызды болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес «әлеуметтендіру» термині «қоғамда толыққанды өмір сүру үшін қажетті білімді, біліктер мен дағдыларды, нормалар мен ережелерді меңгеру арқылы баланың әлеуметтік ортаға ену процесі» ретінде айқындалады.

Отбасы баланы әлеуметтендірудің алғашқы сатысы және ерте жаста оның тұлғасын дамытудың негізгі көзі. Отбасы – балаға білім мен тәжірибені беретін, рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытатын, баланы өмірге баулитын, қоршаған ортаға бейімделуге көмектесетін жетекші.

Белгілі қазақстандық педагог, қоғам қайраткері М.Жұмабаев «Педагогика» оқулығында (1922 жыл) халық педагогикасының үздік

дәстүрлеріне сүйеніп, баланы ерте жастан тәрбиелеу, дене бітімі мен рухани жағынан дамыту мәселелеріне көңіл бөлді.

Әлеуметтендірудің келесі сатысы – қарым-қатынастың неғұрлым күрделі түрі болып табылатын қоғамдық әлеуметке (мектепке дейінгі ұйым) ену. Бейімделу әлеуметтендірудің нысаны болып табылады және баланың жаңа күн тәртібіне, бейтаныс адамдарға үйренуі оның физикалық және психикалық дамуына, одан әрі әл-ауқатының жақсаруына және мектепке дейінгі ұйым мен отбасы жағдайында жайлы өмір сүруіне байланысты.

Әдістемелік ұсынымдардың **мақсаты:** ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру мен бейімдеу мәселелері бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- педагогтер, ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйымның қосалқы құрылымдарының өзара ынтымақтастық жүйесін ұйымдастыру арқылы балаларды табысты әлеуметтендіру мен бейімделуі үшін жағдай жасау;

- бірлескен әрекет процесінде педагог пен ата-ана және бала арасында эмоционалды байланыс орнату;

- психоэмоционалды және физикалық әл-ауқатты қамтамасыз ету;

- балаларды қарапайым жалпы қабылданған нормаларға және айналасындағылармен оң өзара қарым-қатынас ережелеріне тарту;

- дербестікті дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру;

- жақын адамдарына, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне мейірімді қарым-қатынасқа және эмоционалды елгезектікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

балалар ұстанымы:

- балалар мектепке дейінгі ұйымның жағдайларына табысты бейімделеді;

- құрдастарымен және ересектермен белсенді қарым-қатынас жасайды, бірлескен ойындарға қатысады;

- жеке коммуникативтік-танымдық қабілеттері жетіледі.

1) ата-аналар ұстанымы:

- баланың психикалық және физикалық денсаулығы сақталады;

- балаларды тәрбиелеу және күтім жасау мәселелері бойынша ата-аналардың біліктері дамиды және білімдері толықтырылады, психологиялық-педагогикалық мәдениеті артады;

- мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметтерінің сапасына ата-аналардың қанағаттану көрсеткіштері артады.

3) педагог ұстанымы:

- әлеуметтендіру мәселелері бойынша кәсіби деңгейі артады;

- мамандар, педагогтер ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру бойынша әдістемелік материалдар кешенін әзірлейді.

Балаларды тәрбиелеуде маңызды мәселе – мектепке дейінгі ұйымға бейімделу кезеңінде олардың өмірін дұрыс ұйымдастыру. Әлеуметтік дағдыларды дамыту тетігі әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру бойынша арнайы ұйымдастырылған іс-шараларды

өткізу болып табылады. Ата-аналар мен педагогтер әр баланың жеке тұлғасын қалыптастыру процесіне ықпал ететін ерекше күш болып табылады. Екі тараптың да ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру процесін тиімді ететін өз артықшылығы, ерекшеліктері бар.

БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ: МАҚСАТЫ, КОМПОНЕНТТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

Баланы әлеуметтендіру процесінің мақсаты – таңдау жасауға, басқалардың таңдауын құрметтеуге және өз пікірін қорғауға қабілетті ерікті тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін сыртқы ортадағы жеке өмірі мен әлеуметтік өмірінің кеңістігін ұйымдастыру болып табылады.

Баланы әлеуметтендіру ұғымы кең мағынада – баланың белгілі бір қоғамда бар құндылықтар мен принциптерді меңгеру процесі.

Әлеуметтендірудің субъектілері: отбасы, педагогтер, қоғам.

Ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру мына құралдардың көмегімен жүзеге асырылады: жаңа туған нәрестеге күтім жасау және тамақтандыру әдістері, қарым-қатынас (бесік жырлары, ертегілер), ойын, гигиеналық және тұрмыстық жағдайларды қалыптастыру, материалдық және рухани мәдениет өнімдері және заттық дамытушы орта.

Әлеуметтендіру құралдары арқылы бала мінез-құлықтың нормаларын, сондай-ақ отбасылық және ұлттық құндылықтарды меңгереді.

Табысты әлеуметтендірудің шарты – ойын және балалар әрекетінің басқа түрлерін ұйымдастыру болып табылады.

Баланы әлеуметтендіру келесі құрылымдық компоненттерден тұрады:

1. Стихиялық әлеуметтендіру. Баланың өзін-өзі дамыту процесі объективті жағдайлардың ықпалымен жүреді. Бұл компонентті бақылау өте қиын.

2. Салыстырмалы түрде бағытталған әлеуметтендіру. Бұл жағдайда адамға әсер ететін міндеттерді шешу үшін мемлекет қабылдайтын ерекшеліктер туралы айтылады. Бұл әртүрлі экономикалық, ұйымдастырушылық және заңнамалық шаралар.

3. Салыстырмалы түрде бақыланатын әлеуметтендіру. Мұның бәрі мемлекет пен қоғам жеке құрған рухани және мәдени нормалар.

Оның құрылымдық компоненттері шеңберінде келесі дағдыларды қалыптастыру процесі жүреді: коммуникативтік, танымдық, мінез-құлық және құндылық.

Коммуникативтік компонент балалардың ересектермен және құрдастарымен вербалды және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын меңгеруді қамтиды, бұл әрекетте баланың өзін-өзі көрсетуін қамтамасыз ететін қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді;

Танымдық компонент ерте жастағы балалардың әлеуметтік қатынастар нормаларын игеруге бағытталған қоршаған орта туралы белгілі бір білім шеңберін меңгеруді қамтиды;

Мінез-құлық компоненті мінез-құлық үлгілерінің дағдыларын қалыптастыруды ұсынады: гигиеналық дағдылар, тұрмыстағы мінез-құлық дағдылары, ойында, өнімді әрекетте және басқа да әрекет түрлерінде көрінетін әлеуметтік дағдылар;

Құндылық компоненті баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес отбасылық және ұлттық құндылықтарға қатынасын айқындайтын құндылық бағдарларын қамтиды.

БАЛАНЫҢ ТҮЛҒАСЫН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жас кезеңдері және ерте жас топтары мынадай:

1) бөбек жасы – 0-3 жас:

Нәрестелік жас – туғаннан бастап;

ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ).

Нәрестелік жас (туғаннан бастап 1 жасқа дейін)

Балалар өмірінің алғашқы жылы бір-бірінен сапалы түрде ерекшеленетін төрт жас кезеңдеріне бөлінеді:

туғаннан бастап 2,5-3 айға дейін;

2,5-3 айдан 5-6 айға дейін;

5-6 айдан 9-10 айға дейін;

9-10 айдан 12 айға дейін.

Бала үшін анасы маңызды рөл атқарады. Осы кезеңде бала (бесік жыры, ойындар) анасының сөзін тыңдайды, өмірінің алғашқы жылында есту және көру арқылы қабылдауы едәуір жетіледі. Жеке тұлғаны дамытудың басты шарты – баланың басқа адамдармен қарым-қатынасы болып табылады.

Бала өзіне айтылған сөздерді түсінбейді, бірақ ересектермен қарым-қатынасты қажет етеді. Бұл қажеттілік 3 айда анық байқалады.

2 айда адамдар мен заттарға қызығушылығы артады. 3 айда тұлға аралық қарым-қатынасы қалыптасады деп айтуға болады – яғни, ішінара туа біткен қасиеттің бірі белсенділік, бірақ ол негізінен өмірдің әлеуметтік жағдайларының және ересектермен қарым-қатынастың ықпалымен дамиды.

4-5 айда бала өзін сенгіш, көңілді, білуге құмар тіршілік иесі ретінде көрсетеді. Ол туыстарын, таныс және мүлдем бейтаныс адамдарды нақты ажыратады. Жақын адамдарымен қарым-қатынас жасай отырып, бала белсенділік танытады, көңіл-күйін (жағымды-күлу, қуану, жағымсыз-жылау) білдіреді.

Ересектердің мейірімді көңіл-күйінің ықпалымен өмірінің бірінші жартыжылдығында қалыптасқан өзін-өзі жағымды сезінуі 6 айдан кейін көбінесе сәбидің заттармен табысты әрекет жасауымен байланысты болады.

Табысты әрекет баланың одан әрі заттармен әрекет жасауына түрткі болады. Дамып келе жатқан қызығушылықты ересекпен өзара әрекет кезінде баланың айқын көрінетін жағымды эмоцияларынан байқауға болады. Бала өскен сайын ересектермен қарым-қатынасты таңдауы да артады. Ол қуанышын, ренішін білдіру арқылы өзінің эмоционалды жағдайымен бөлісуге тырысады. Балалар жағымды эмоцияларын көрсете отырып, ересектерден қолдау күтеді, ол таныс адамдарға қызығушылық танытады. Балалар, әсіресе 8 айдан кейін бейтаныс адамдардан қорқа бастайды. Көбінесе, жақын ересек адамы жанында болмаса, олар бөтен адамды жатырқап, оған барғысы келмей, жылайды. Сонымен қатар, жанында жақын адамдары болса, бейтаныс адамдардың назарын өзіне аудару үшін оларға қызығушылық танытады. Анасының қолында

отырып, нәресте бейтаныс адамға қарайды, оның назарын аударуға тырысып, түрлі дыбыстар шығарады және басқа да әрекеттер жасайды.

12 айға қарай бала таныс ересек адамды белгілі бір әрекеттермен байланыстырады, егер әжесі үнемі сыйлықтар әкелетін болса, ол әжесі әкелген сөмкеге қарайды, егер әкесі үнемі онымен ойнайтын болса, ол әкесінің қолына алуын сұрайды.

Баланың адамдармен бірдей қарым-қатынаста болмауы бала өмірінің алғашқы жылының аяғына қарай ересектердің тұрақты бейнелері есінде сақталатынын көрсетеді. Сондай-ақ, бала ересектің ескертуіне жауап ретінде қыңырлық көрсетуі, өз қалауы мен талаптарын жүзеге асыруда табандылық танытуы артады.

Тиімді тәрбиелеу жағдайында өмірінің екінші жартыжылдығында бала айналасындағы адамдарды нақты ажыратады. Ол жақын адамдарымен эмоционалды және «іскерлік» қарым-қатынасқа түседі, таныстарымен «іскерлік» қарым-қатынасты қалайды, ал бейтаныс адамдарға көбінесе сақтықпен қарайды. Жақын адамдарына деген сүйіспеншілік балаға бейтаныс жағдайда қауіпсіздік сезімін қамтамасыз етеді. Ересектердің психологиялық қолдауына жүгініп, бала қорқынышын еңсереді, танымдық және коммуникативтік әрекеттерін белсендіреді.

Жылдың аяғында бала алғашқы сөздерді айта бастайды (ана, әке, әже, бер және т.б.). Бала бірте – бірте ересектердің мақтауы мен айыптауын ажырата бастайды (мақтауға қуанады, айыптауларға ренжиді), өз әрекеттерін оларға сәйкес түзете алады (тыйым салынған әрекеттерді тоқтатады, мақтау айтылатын әрекеттерді қайталайды).

Ерте жас (1 жастан бастап)

Психофизиологиялық ерекшеліктері бойынша өмірінің екінші жылындағы балалар екі топқа бөлінеді:

- 1 жастан 1 жас 6 айға дейін;
- 1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін.

Бұл кезеңде баланың өмірінде қарым-қатынас ортасы кеңейеді. Бала белсенді бола бастайды, басқа балаларға қызығушылық танытады. Бірақ бұл жаста бала үшін басты адам әлі де анасы болып табылады. Жақын адамдары арқылы баланың басқа балалармен қарым-қатынасы, ойыны және қоршаған ортамен танысуы жүзеге асырылады.

Өзіндік сана элементтерінің даму ерекшеліктері:

– ересекпен жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынастың әсерінен бала басқа адамға, өзіне эмоционалды-оң қарым-қатынастың маңыздылығын сезінеді;

- айналасындағыларға қызығушылық танытады;
- алғашқы тұлға аралық жаңа әрекет қалыптасады.

Әрекеттің нәтижесі бала үшін өзінің «Менін» қалыптастыруда және оның жетістіктерін біреудің көріп, бағалалауында өте маңызды болып келеді.

Заттарды қолдану тәсілдерін меңгеру шамамен 2 жаста баланың дербестігінің дамуына ықпал етеді, оның көрсеткіштері баланың «жеке қалаулары» болып табылады (Т.С. Гуськова). Ересектің мақұлдауы мен

мадақтауы баланың мақтаныш сезімін тудырады, бала өзіне-өзі қызмет көрсетудің алғашқы дағдыларын игереді.

2 жаста бала ересектің сөзін түсінеді және белсенді сөйлеуі, сенсорлық қабілеттері, ойын және заттармен әрекеті, қимылдары мен дербестік дағдылары дамиды.

Бала қарапайым мақсаттар қоя алады және оларға жетуге тырысады, бала тамақ ішкенде дербестік танытып, өзі қасықпен тамақ ішуге ұмтылады.

Осы кезеңде сөйлеуді үйренуге, ересектерге еліктеуге және оның сөзін түсінуге ерекше қызығушылығы байқалады, қарым-қатынасқа қызығушылық танытады. Бала құрдастарымен әлі ойнау білмесе де, олардың жанында болуға тырысады және олардың әрекеттерін қайталағысы келеді. Мысалы, баланың әткеншекке отырғысы келді дейік, бірақ әткеншектер бос емес, әткеншектің орындығы босағаннан кейін баланың тербелуге деген қызығушылығы жойылады (бұл осы жастағы баланың көңіл-күйінің тұрақсыздығымен ерекшеленеді).

Бұл жаста бала ұқыптылықты сақтауға, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін орындауға үйренеді, ересектің талаптарына бағынады және оның тапсырмаларын орындайды, өз бастамасы бойынша ересек адамға жүгінеді.

Кіші жас (2 жастан бастап)

Үш жасқа қарай дербестік саласында маңызды өзгерістер пайда болады. Бала саналы түрде: «Мен», «Мен қаламаймын, мен жасамаймын» деп айтады, ол өзін айнадан және суреттен таниды. «Мен өзім» деген жеке әрекеті мен өзіндік санасы қалыптасады.

Ерте жаста өзіндік сананың даму ерекшеліктері:

бала әрекеттерді заттан және өзін әрекеттерінен бөліп көрсетеді;

біртіндеп дербестігі дамиды, бұл мақсат қою мен мақсатты орындауға ұмтылысынан көрінеді;

- өзінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімі пайда болады.

Ересектің баланы атымен атауы, еркелетеуі балаға ұнайды және ересек осы арқылы балаға оң көзқарасын білдіреді.

Ерте жаста баланың адамдарға, заттарға, өзіне деген көзқарасы өзгереді. Жеке әрекетке бала өзі жасайтын әрекет ретінде қарайды: «Мен сурет саламын. Мен қыдырамын. Мен жуынамын» және т.б деп айтады.

Егер ересек балаға деген қарым-қатынасын өзгертпесе, іскерлік ынтымақтастықты ұйымдастырмаса, тек өзінің артықшылығын көрсетсе, онда балада 3 жастағы дағдарысқа тән теріс мінез-құлық пайда болады. Бұл дағдарыстың белгілеріне Л. С. Выготский сипаттама берді және оны «қарым-қатынас дағдарысы» деп атады.

Оларға мыналар жатады:

теріс мінез-құлық—егер ересектердің бірі әрекет жасауды ұсынғандықтан баланың ештеңе жасағысы келмесе, ересектердің ұсынысына қарсылық түрінде баланың мінез-құлқындағы көріністер;

қыңырлық — бұл баланың қалауы емес, оның бір нәрсені талап еткен кездегі реакциясы;

қырсықтық— баланың белгіленген тәрбие нормаларына, өмір салтына

қарсы бағытталған реакциясы;

қасарысу немесе бірбеткейлік – баланың бәрін өзі жасағысы келіп, дербестікке ұмтылуы;

қарсылық білдіру – бала наразылық танытқанда мінез-құлқында байқалады;

баланың ересекті бағаламауы, оған сенімсіздік білдіруі;

қаталдыққа ұмтылыс – айналасындағыларға қаталдық танытуға ынта білдіруі;

егер отбасында өзінен басқа балалар болса, оларға қызғаныш білдіруі;

невротикалық немесе психопатиялық сипаттағы реакциялар (қорқыныш, ұйқының тыныш болмауы, (шыжың) энурез, қиналып сөйлеуі және т.б.).

Өзіндік сананы дамытуға басшылық ету

Баланың ересекпен қарым-қатынасы белсенділіктің қалыптасуына, өзіндік сана мен өзіне деген сенімділіктің дамуына әсер ететін негізгі фактор. Ересек балада бағалау әрекетінің пайда болуы мен қалыптасуын ынталандырады:

– қоршаған ортаға қатынасын және бағалау тәсілін білдіреді;

– міндетті қоя отырып, оларды шешу тәсілдері мен орындалуын бағалап, жеке әрекет тәжірибесін жинақтауды қамтамасыз ете отырып, баланың әрекетін ұйымдастырады;

– әрекеттің үлгілерін ұсынады және сол арқылы балаға оның дұрыс орындалуын көрсетеді;

– құрдастарымен бірлескен әрекетті ұйымдастырады, бұл баланың құрдасында жеке тұлғаны көруге, оның тілектерін ескеруге, оның қызығушылықтарымен санасуға, сондай-ақ құрдастарымен қарым-қатынас жағдайына әрекеттің үлгілерін тасымалдауға көмектеседі (М.И. Лисин, Д. Б. Годовикова және т. б.).

Балаға мейірімділік пен қамқорлық көрсету, көңіл-күйін көтеру, оны атымен атау, әрекеттерін мадақтау, бастама танытуға мүмкіндік беру және оны қолдау белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Теріс бағалау балада жағымсыз эмоциялар тудырады, бұл баланы қатесін түзетуге, әрекет жасауға және оң нәтижеге қол жеткізуге ынталандырмайды.

Баланың әрекетін ересектердің дұрыс бағаламауы, оның әрекетін тоқтатуы, ойластырған жобасының іске асырылуына кедергі жасауы баланың өрескел мінез-құлық көрсетуіне әкеледі. Бұл жағдайдың шиеленісуіне, баланың қарсылық көрсетуіне әкелуі мүмкін.

Сондықтан бала уақытынан кешігіп ұйқыға жатса да немесе серуенге кешігіп шықса да, өз ойын іске асыруға мүмкіндік беру керек. Баланың ісіне құрметпен қарау оны дербес ерікті түрде заттармен әрекет жасауға бағыттайды.

Дербестіктің критерийлері – бұл бастама таныту және қарапайым жоспарлау, бір іспен ұзақ уақыт айналысу және жоспарланған нәтижені алуға деген ұмтылыс. Сондықтан ересек баланың заттарға қызығушылығын арттыруға, өз ойын жоспарлауға, оны жүзеге асыруға, сәтсіздіктердің кездейсоқ екендігіне сенім білдіруге көмектесуі тиіс (Т. В. Гуськова).

2 жастағы бала нәтиже алуға ұмтылады, бағалауды оның ұмтылысынан

бастау керек, кейін жоспарын (ой) іске асыруды бағалау керек.

Үш жаста бала басқа баланың жанында тыныш ойнайды, бірақ ортақ ойынның сәттері өте қысқа, ойын ережелері сақталмайды. Ерте жастағы бала қарым-қатынас барысында басқа балалардың тілегін мүлдем ескермейді, үнемі өзінің тілегін негізге алады. Ол өзімшіл және басқа баланы түсінгісі де келмейді және оған жанашырлық танытуды да білмейді.

Баланың өзін-өзі бағалауы әрдайым жоғары болады, «Мен», «Мен жақсымын», «Мен өзім» және жеке әрекеттердің пайда болуы баланы дамудың жаңа деңгейіне көтереді. 3 жастағы дағдарыс – өтпелі кезең басталады.

Айналасындағы басқа балаларға қызығушылықтың пайда болуы баланың әлеуметтік қажеттіліктері дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Басқа балалармен қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыс баланың отбасылық байланыстар шеңберінен тыс қызығушылықтарының пайда болғанын көрсетеді.

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰРДАСТАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Баланың құрдастарымен қарым-қатынасын қалыптастыру процесі балалардың өзара әрекетіне түрткі болатын қажеттілік мазмұнының ерекшелігіне байланысты бірқатар кезеңдерден өтеді.

Алғашқыда баланың басқа балалармен байланысы әсер алуымен, белсенді әрекетімен және ересекпен қарым-қатынас жасау қажеттіліктерінен туындайды. М. И. Лисина баланың қарым-қатынасқа қажеттілігін анықтау үшін төрт критерий ұсынды.

1) баланың басқа адамға қызығушылығы мен көңіл бөлуі. Бұл критерий баланың ерекше белсенділігінің объектісіне айналатын басқа адамды тану бағытын көрсетеді;

2) бұл критерий - баланың басқа адамға деген эмоционалды қатынасы, оған деген ерекше қызығушылығын білдіреді;

3) серіктесінің назарын өзіне аударуға бағытталған бастамашылық әрекеттер, ол өзін көрсетуге, серіктесін бірлескен әрекеттерге тартуға және сонымен бірге басқа адамның реакциясы арқылы өз мүмкіндіктерін көруге тырысады;

4) баланың өзге адамның қатынасын сезінуі, онда бала басқаның бастамасын қабылдауға және оған жауап беруге дайындығы, баланың қарым-қатынас жасауда серіктесінің бағалауы мен өзіне қатынасын қабылдау қабілеті, олардың әрекеттеріне сәйкес өз әрекеттерін үйлестіруі (немесе қайта құру) байқалады.

Көрсетілген критерийлер баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасы үшін ортақ болып табылады, өйткені бұл екі тарап әлеуметтік сипаттағы бірыңғай қарым-қатынас процесіне қатысады.

Құрдастарымен қарым-қатынасқа қажеттілік ерте жастан бастап бірте-бірте дамиды.

Баланың құрдастарымен қарым-қатынасқа бастама танытуы сирек кездеседі, сондай-ақ балалар бір-бірлерінің бастамаларына сирек жауап береді. Бұл кезде балалардың өзара әрекетінде әлі де үйлесімділік жоқ. Баланың өзіне біреудің назарын аудартуға ұмтылыстары көбінесе жауапсыз қалады немесе байқалмайды.

Өмірінің екінші жылында сәбилер жиі бір-біріне қызықты зат, ойыншық ретінде қарайды. Егер бір жасар баланың жанына құрдасын отырғызып, және қуыршақты қойса, онда бала оларға бірдей әрекет жасайтынын көруге болады. Мысалы, ол қуыршақтың көзіне саусағын тигізеді де, құрдасына осы әрекетті жасайды; қуыршақтың басынан сипайды, аяғын көтереді, құрдасына да осы әрекеттерді қайталап жасауға тырысады. Сонымен қатар, бала құрдасын өзімен салыстырады: өзінің аяғын ұстайды, сосын құрдасының аяғын ұстайды, өзінің саусақтарына қарайды, содан соң көршісінің саусақтарымен ойнайды. Осындай тәсілдермен өзінің физикалық қасиеттері мен құрдастарының қасиеттерін зерттейді, олардың арасындағы ұқсастықтарды анықтайды.

Мына әрекеттер балалардың құрдастарымен қарым-қатынасындағы ерекше өрескелдікті білдіреді: олар бір-бірін құлағынан, мұрнынан тартады, қолымен немесе ойыншықпен басынан қойып қалады, егер өтуіне кедергі келтірсе, қасындағы баланы итермелейді және т.б., ересектермен қарым-қатынаста мұндай әрекеттер өте сирек кездеседі.

Құрдастарымен қарым-қатынасқа қажеттілік бұрын қалыптасқан қажеттіліктер негізінде ересектермен қарым-қатынасқа құрылады. Кейін балалар бір-бірімен эмоционалды байланысқа түседі, ойыншықтармен бірге ойнайды.

Өмірінің екінші жылының соңында баланың құрдастарына қызығушылығының дамуымен құрдасына жүгінуде бастама танытуы мен сезімталдығы артады. Қарым-қатынасқа қажеттіліктің осы екі параметрі бала өмірінің үшінші жылында қарқынды түрде артады.

Балалардың бірлескен заттық әрекетін ересектердің ұйымдастыруы баланың құрдастарымен қарым-қатынасын қалыптастырудың негізі болып табылады.

Бұл жаста коммуникативтік қажеттіліктің барлық төрт параметрі қалыптасқан және балалардың қарым-қатынасын толыққанды қарым-қатынас деп айтуға болады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ

Ерте жастағы балаларды тәрбиелеудің маңызды сәті мектепке дейінгі ұйымға бейімделу кезеңінде олардың өмірін дұрыс ұйымдастыру. Әлеуметтендіру нысаны бейімделу болып табылады.

Бейімделу – латын тілінде «бейімделемін» деген мағынаны білдіреді әртүрлі: физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық деңгейлерде пайда болатын ағзаның бейімделуінің күрделі процесі. Педагогикалық әдебиеттерде ерте жастағы балалардың балабақшаға бейімделу мәселелері терең қамтылған (А.И.Жукова, Н.И.Добрейцер, Р.В.Тонкова-Ямпольская, Н.Д.Ватутина және т.б.). Бейімделу, ең алдымен, медициналық-педагогикалық проблема ретінде айқындалады, оны шешу ыңғайлы жағдай жасауды, балаларға жақсы медициналық көмек көрсетуді, отбасымен жан-жақты қарым-қатынасты және оқу процесін дұрыс ұйымдастыруды талап етеді (Н.М. Аксарина). Бұл пікір Батыс және Шығыс Еуропа елдері ғалымдарының зерттеулерінде дәлелденген (К.Грош, М.Зейдель, А.Атанасова-Вукова, В. Манова-Томова, Э. Хабинакова).

Бала балабақшаға қай жаста барса да қобалжу күйінде болады, қобалжуды азайту қажет. Баланың өзін тыныш және сенімді сезінетін үйренген ортасынан ауыстыру өміріндегі қалыпты әдеттерін бұзады. Туғаннан бастап балаға қамқорлық жасаған анасы мен басқа да жақын ересектерден ажырату бала психологиясына әсер етеді.

Көбінесе балалардың ауруымен, баланың мінез-құлқындағы өзгерістерімен, ұйқысының, тәбетінің бұзылуына байланысты ерте жаста бейімделу ұзақ және қиынырақ болатыны анықталды. Кейбір балаларда бейімделудің күрделі кезеңінде қобалжу әсерінен сөйлеуі өзгереді. Сөздік қоры күрт төмендейді, сөйлескен кезде ол жеңіл сөздерді қолдана бастайды. Сөйлемдер бір буынды болады, негізінен етістіктерден тұрады, ұйқысы бұзылады. Мектепке дейінгі ұйымға үйренген сайын баланың ұйқысы тұрақтала бастайды. Бірақ ұйқысы әлі де толық тыныш болмайды, бала өксіп жылайды немесе кенеттен оянып кетеді.

Жаңадан келген балаларды біртіндеп қабылдау жүзеге асырылады, қабылдау кезеңі 2-3 аптадан аспауы тиіс.

Бейімделу кезеңінің сипаты баланың алдыңғы тәжірибесіне де байланысты. Әлеуметтік факторларды зерделеу кезінде баланың өмір сүру жағдайларын, оның отбасының құрамын – толық, толық емес, көп балалы және т.б., сондай-ақ тәрбиелік әсердің ерекшеліктерін: қарым-қатынас жасау ерекшеліктері мен сипатын ескеру қажет.

Бейімделу кезеңінде кейбір заңдылықтарды атап өтуге болады:

1) бір қалыпты, шағын ересектер тобымен шектелген ортада өскен балаларға қарағанда, көп балалы отбасыларда, көптеген туыстары бар отбасыларда тұратын балалар жаңа жағдайларға тезірек үйренеді;

2) отбасындағы жалғыз балалар, анасының ерекше көңіл аударуына үйренген, өзіне сенімсіз балалар бөбекжайға немесе балабақшаға тез үйрене алмайды.

2-3 жастағы бала құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігін әлі сезінбейді, себебі мұндай дағды әлі қалыптаспаған. Олар бейтаныс адамдардың алдында және қарым-қатынастың жаңа жағдайларынан қорқыныш сезінеді. Бұл жаста ересек адам бала үшін ойнауға серіктес, еліктеуге үлгі болады және баланың ықылас пен ынтымақтастыққа деген қажеттілігін қанағаттандырады.

Ғалымдар Р. Калинина, Л. Семенова, Г. Яковлева жүргізген зерттеу барысында бейімделу процесінің үш кезеңі анықталды:

1) соматикалық және психикалық күйдегі әртүрлі ауытқулармен бірге жүретін өзекті кезең, бұл салмақ жоғалтуға, жиі тыныс алу органдарының ауруларына, ұйқының бұзылуына, тәбеттің төмендеуіне, сөйлеу дамуындағы кері тартушылыққа әкеледі (орта есеппен 1 айға созылады);

2) жеделдеу кезеңі баланың қалыпты мінез-құлқымен сипатталады, яғни барлық өзгерістер төмендейді және орташа жас нормаларымен салыстыру бойынша әсіресе психикалық дамудың баяу қарқыны аясында жекелеген параметрлер бойынша ғана тіркеледі (3-5 айға созылады);

3) орнына келу кезеңі қарқынды дамумен сипатталады, нәтижесінде балалар оқу жылының соңында жоғарыда көрсетілген даму қарқынының кідірісін еңсереді.

Көбінесе бейімделу кезеңі жалпы бейімделу процесінің өзекті кезеңі деп аталады. Психологтардың бақылауы бойынша, бұл кезеңнің орташа мерзімі қалыпты:

бөбекжайда – 7-10 күн;

балабақшада – 3 жаста-2-3 апта;

мектепке дейінгі ересек жаста – 1 айды құрайды. Сонымен қатар, балалардың жартысына жуығы жайлы топты құрайды – олар балабақшаға кедергісіз, бар ынтасымен немесе ынтасыз барады. Егер бір айдан астам уақыт өтсе де бала балабақшаға үйренбесе, онда оны не мазалайтынын, не себепті ол соншалықты қыңыр және ашулы екенін ойланып, мұқият қарау керек. Барлық балаларға топта жайлы және ыңғайлы жағдай жасау және қарым-қатынасын сенім мен ашықтыққа, түсіну мен тілектестік негізде құру педагогтердің маңызды міндеті болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңде баланың құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігі өте айқын көрінеді және егер баланың көңілі толмаса, бұл әлеуметтік дамудың сөзсіз кідірісіне әкеледі.

Тәрбиешіге кеңес:

«Анам келеді» деген сөзді шексіз қайталаса, баланың сөзін елемеу қажет.

Ол бұған сенімді емес, анасы келмейді деп қорқады және ересек адамнан өзінің ең үлкен тілегін қолдауды іздейді. Сондықтан, баланың әрбір осындай сұрауына қолдап жауап беру, ол жақын арада анасын көретініне сенуіне көмектеседі.

Баланы жігерлендіріп, оның назарын ойыншықтарға аударуға тырысу, онымен бөлмені аралап, онда не бар екенін қарауға болады. Егер бала қандай да бір ойыншыққа қызығушылық танытса, баламен бірге ойнау, содан кейін балаға қолыңызды жуу керектігін түсіндіріп және тез келуге уәде беріп, аз уақытқа өзін қалдырып көріңіз. 2-3 минутқа кетіп қалып, содан кейін баланың жанына оралыңыз. Ол сіздің әрқашан қасында екеніңізді түсінуді үйренеді.

Егер бала сізді үнемі қадағалап отырса, оны өз істеріңізге қосыңыз. Ойыншықтарды жинауға көмектесуді сұраңыз, кітапты әкеліп басқа балалармен бірге оқуды ұсыныңыз және т. б.

Егер бала жан-жағына немқұрайлы қарап, ойыншықпен ойнаудан бас тартса, ойыншықпен өзіңіз ойнауды көрсетіңіз. Ең жақсысы, сюжеттік ойын, онда сіз кейіпкерлердің диалогтарын ойлап тауып, кейде балаға айтып, оны біртіндеп ойынға тарта аласыз. Мұндай ойынды жақсы ойнайтын балалардың бірімен ойнауға болады. Мұндай ойын баланы қызықтыруы мүмкін.

Баламен «Қуырмаш», «Жасырынбақ» сияқты эмоционалды ойындар ойнауға болады. «Жасырынбақ» ойыны ерте жастағы балалар үшін ерекше маңызды, бұл балаға жоғалып кету және пайда болу сияқты құбылыстарды меңгеруде жаттығуға мүмкіндік береді, бұл оның анасының немесе әкесінің келуін күтуін жеңілдетеді.

Өз еңбектерінде американдық психолог Т. Шибутани осы ойды дамыта отырып, тек «тең топтар баланы өзара әрекеттерге үйретеді және қателіктерді қатаң түрде түзетеді» деп жазды. Белгілі педагог А.П.Усованың анықтамасы бойынша бала бірлескен ойындарда қоғамдық сапасын дамыту үшін қажетті әлеуметтік тәжірибеге ие болады

ЕРТЕ ЖАС ТОБЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ

Меншік нысанына қарамастан барлық түрдегі мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық процесс Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес ұйымдастырылады.

Санитариялық қағидаларға сәйкес топтардың толықтырылуы:

ерте жас тобында (бір жастан екі жасқа дейін) – 10 баладан артық емес;

кіші жас тобында (екі жастан 3 жасқа дейін) – 20 баладан артық емес.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін балаларға арналған Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

1) ерте жас тобы (1 жастан бастап) - ұзақтығы 7-10 минут 7 сағат;

2) кіші топ (2 жастан бастап)-ұзақтығы 10-15 минут 9 сағат.

Білім беру процесі:

өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспарға; апталық циклограммаға сәйкес іске асырылады.

Ерте жастағы баланың дамуы оның жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Балалардың дамуындағы жетістіктерді қадағалау балалардың әртүрлі әрекеттеріндегі белсенділігін бақылау барысында жүзеге асырылады.

Балалардың мониторингі «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес жүргізіледі (Орталықтың ҒӘК ұсынған, 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 5 хаттама.)

Ерте жас (1 жастан бастап)

Осы жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын меңгеру білім беру салалары арқылы оларды кіріктіру және заттық-дамытушы ортаны қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

«Денсаулық» білім беру саласы

Гигиеналық талаптарды сақтау дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстар өткізіледі:

баланы жуынудың, киінудің, шешінудің қарапайым дағдыларына және түбекке сұрана білуге үйрету;

ұқыптылықты, жинақылыққа тәрбиелеу, лас беті-қолын, мұрынын байқауға үйрету, жууды, оларды сүртуді, дымқыл киімді шешуді сұрау.

Тамақтану кезінде: тамақтанар алдында қолды жуу, тек өз ыдысынан тамақтану, өз бетінше балалар үстеліне отыру және оны ересек адамның көмегімен жылжыту, орындыққа өзі отыру және одан тұру, төкпей ұқыпты тамақтану, тамақтанғаннан кейін салфетка қолдану, тамақтан соң рахмет айту.

Жуынған кезде: қолды өз бетінше жуу (алақанды алақанға ысқылау) және беттің төменгі бөлігін алақанмен жуу, ересек адамның көмегімен бет пен қолды сүрту.

Киіну, шешіну кезінде: киімді белгілі бір тәртіппен шешіп, кию, оны дұрыс бүктеу. Түбекке сұрану; өзінің түбегінің орнын біледі; тек қана өз түбегіне отырады.

Есіне түсіргенде лас мұрынды қол орамалмен сүртеді, өзі оны қалтасынан шығарып, қалтасына салады. Өзінің шкафының орнын біледі.

«Қатынас» білім беру саласы. Балалар:

- өзінің, жақын туыстарының есімін, киім, жиһаз, ыдыс-аяқтардың, кейбір көлік құралдарының, бірнеше таныс жануарлар мен өсімдіктерді атауды;

- өзінің (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) және ойыншық-жануарлардың дене мүшелерін ажыратып, атай білуді;

- құрылымы және мазмұны бойынша қарапайым сөз тіркестерін түсінуді, өтініштерді орындауды, ойыншықтармен күрделі емес шағын қойылымдар көрсетуді, тұрмыстық және қызықты жағдайларды суреттейтін 1-3 әрекетті;

- тілді көрнекіліксіз түсіну, заттарды табу және оларды суреттен тану, елеулі белгілері бойынша заттарды іріктеуді, тапсырмаларды орындауды;

- сәйкес суреттерді, ойыншықтарды, іс-әрекеттерді көрсету арқылы кейіннен көрнекіліксіз мазмұны бойынша шағын, қарапайым әңгімелерді, өлеңдерді, санамақтарды түсінуді;

шығармаларды тыңдау, оны қабылдау, мазмұнына эмоционалды жауап беруді үйренеді.

«Таным» білім беру саласы

1 жас - 1 жас 6 ай

Осы жастағы балаларда: өзі туралы, аты-жөні, өз әрекеттері, қызығушылықтары, жақын адамдар, жақын заттық ортасы, жеке заттар туралы қарапайым түсініктер қалыптасады.

Балалар аквариумдағы балықты, тамақ беретін жемсауытқа ұшып келетін құстарды, үй құстарын және ұсақ жануарларды (ит, мысық, қоян, тотықұс) байқауға, ағаштарды, гүлдерді, шөптерді ажырата білуге және оларға мұқият қарауға үйренеді.

Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылығы дамып, оларға қамқорлық жасауға тәрбиеленеді.

«Шығармашылық» білім беру саласы

Музыка: ересектермен көңілді ойындарға қуанады. Музыкалық заттармен әрекеттер жасайды: би әуендерінің көңілді сипатын күрделі емес қимылдармен: аяқтан аяққа ауысу, өкшелерін соғу, қолдың буынын айналдыру, орнында айналу біледі, ересек адамға еліктеп, сылдырмақты музыкамен сыңғырлатады.

«Әлеумет» білім беру саласы

Балалардың ересектермен және бір-бірімен қарым-қатынас жасау нормалары мен ережелерін меңгереді. Сәлемдесуге, қоштасуға жауап береді.

Ересектермен қарым-қатынас жасайды және құрдастарына қызығушылық танытады. Отбасының тікелей мүшелерін таниды. Ересектермен оң қарым-қатынасқа жауап бере отырып, күледі, қолдарын бұлғайды немесе күледі. Іс-әрекетке, өзара әрекетке жанапшырлық немесе қарсылық көрсетеді.

Кіші топ (2 жастан бастап)

Міндеті – салауатты өмір салты және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындық туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру.

Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыру, кіші топта ұйымдастырылған оқу қызметі: әрбір баланың денсаулығына, эмоционалдық әл-ауқатына, жан-жақты дамуына қамқорлық жасауды; топта тәрбиеленушілерге ізгілікті, тілектестік қарым-қатынас атмосферасын құруды ескере отырып құрылады.

Өзіне-өзі қызмет көрсетудің қарапайым дағдыларын және еңбекке деген қызығушылықты қалыптастыру бойынша жұмыс жалғасады.

«Денсаулық» білім беру саласы

Мақсаты: салауатты өмір салты және құрдастарымен бірлескен әрекетке дайындық туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Педагог мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастырады.

Осы жас тобындағы балалар:

киімін, аяқ киімін ересектердің азғана көмегімен шешуді;

киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинауды; жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуды;

үстел басында қарапайым мінез-құлық ережелерін орындау: нанды үгіспеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей; үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыру;

ойыннан кейін ойыншықтарды жинау;

тәрбиешімен бірге қарапайым мазмұндағы, қимылды ойындарды, күрделі емес қозғалыстармен ойнауға;

кейбір кейіпкерлердің қарапайым бейнелі әрекеттерін жеткізуді үйренеді.

«Қатынас» білім беру саласы

Мақсаты тілдік қарым-қатынас дағдыларын, сөздік қорын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылығын қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтендіру дағдыларын және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру үшін педагог берілген: «Дүкенге бару», «Қуыршақты түскі аспен тамақтандыру», «Қуыршақты шомылдырамыз», «Кішкентай барабаншы» тақырыптары бойынша ойын түрінде әртүрлі сабақтар өткізеді,

«Біз құстарды қалай тамақтандырдық» әңгімесін және т.б.құрастырады.

Баламен өзара әрекет тек сабақта ғана емес, сонымен қатар олардың еркін әрекетінде де жүзеге асырылады. Балалар дидактикалық ойындарды: «Менің үйім», «Отбасы», «Сюжеттік суреттер», «Серуендеуге киіну», «Не дұрыс емес?» және қимылды ойындар: «Ұшақтар», «Поезд», «Ұялардағы құстар», «Торғайлар мен автомобильдер» құлшыныспен ойнайды.

Бала шығармалардың мазмұнына эмоционалды түрде жауап береді; 3-5 сөзден тұратын сөйлемдермен, фразаларды айтады, ақпаратпен бөліседі; олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; драмалық оқиғалардағы кейіпкерлерге жанашырлық танытады, таныс кейіпкерлермен кездесуге қуанады; таныс шығармалардың қарапайым сюжеттерін ойнайды; дидактикалық ойыншықтармен ойындарға қызығушылық танытады.

«Таным» білім беру саласы

Мақсаты балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту болып табылады.

Міндеттері:

түрлі сенсорлық әсерлермен байыту;

қарапайым құрлысты құрастыруға үйрету;

өсімдіктер мен жануарларға қамқорлықпен қарауға, олардың сұлулығын байқауға тәрбиелеу;

қоршаған ортамен өзара іс-қимыл үшін бірлескен әрекет білігін дамыту.

Педагогтердің ұйымдастырылған жұмысы процесінде бала:

тапсырмаларды орындау, үлгіге және ауызша нұсқауға назар аудара отырып, ересектердің нұсқауы бойынша түсі, өлшемі бойынша заттарды табады;

конструкторлардың ірі бөліктерінен құрылыс салу, көлік құралдарының, автомобиль бөліктерінің атауларын біледі;

көкөністер мен жемістердің бірнеше түрін сыртқы түрі мен дәмі бойынша атайды және ажыратады;

жануарлардың мінез-құлқына, сыртқы түріне назар аударады, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсетеді;

құрдастарымен бірге ойнайды;

«Шығармашылық» білім беру саласы

Мақсаты балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру, дербес тәжірибелік және шығармашылық әрекетті дамыту болып табылады.

Жылдың соңына қарай, бала мазмұнды түсінеді және эмоционалды түрде әрекет етеді (кім туралы, ол не туралы айтады);

ойыншықтармен ойындар мен қойылымдарға белсенді қатысады;

ойын сюжетін дамыту үшін құрылыс материалдарынан құрылыстарды тұрғызу;

ересектермен бірлескен әрекеттерге, балалар жұмыстарын қарауға және талқылауға қызығушылық танытады;

жұмыс орнында тәртіп орнатады: дайын өнімді сөреге қояды, жұмыстан кейін сөрелердегі материалды жинайды.

Балалардың белсенділігіне сүйене отырып, оларды құрылыс ойындарына, бөлме, жиһаз, аула, үй салуға тарту керек. Балаларды ойын сюжетін дамыту үшін құрылыс материалдарынан құрылыс тұрғызуға тарту. Құммен, сумен, қармен ойындарда балалардың өлі табиғаттың қасиеттері туралы білімдерін бекіту.

«Әлеумет» білім беру саласы

Мақсаты: балаларды оң әлеуметтендіру және оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дәстүрлеріне баулу, оларда әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау;

аты мен жынысын сәйкестендірумен байланысты өзіндік сананы қалыптастыру;

баланың жеке тұлғасын ашу: өзінің қадір-қасиетін сезінуге, басқаларға құрметпен қарауға және өз отбасына қатыстылығын тәрбиелеу;

құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет жасауға, бірлескен ойындарға қатысу үшін жағдай жасау;

Осылайша, ересектер балалардың қуанышты және белсенді болу үшін олардың бір-бірімен оң эмоционалды байланысын дамытуы керек. Олардың бірге ойнау қабілетін қалыптастыру, басқа балаларға кедергі жасамау керектігін түсіну. Балалардың зейінін, ойлауын, толыққанды қабылдауын, қиялын, бала қолының ұсақ моторикасын дамытуға ықпал ететін ойындарға қызығушылығын дамыту.

ЗАТТЫҚ - КЕҢІСТІКТІК ЖӘНЕ ДАМУШЫ ОРТАНЫҢ МАЗМҰНЫ

Жас топтары бойынша ұсынымдар.

Заттық ортаны құру

1-1,5 жас

Осы кезеңде баланың танымдық дамуы үшін оның қоршаған ортасының байлығы өте маңызды:

– баланың айналасында әртүрлі материалдардан: ағаш, тас, қыш, металл, фактурасы бойынша әр түрлі маталардан және т.б. жасалған ойыншықтарға, сонымен қатар табиғи материалдар мен объектілерге артықшылық берген маңызды.

– баланың бұл жаста құммен сумен ойнағаны, оларды бір шарадан екіншісіне құюға мүмкіндігі болған кездің маңызы зор;

– сырғанайтын, бұралатын, механикалық әр түрлі қозғалмалы ойыншықтар;

– өсуі немесе кемуі бойынша реттелген қатарды құруға арналған ойыншықтар, өлшемі бойынша пирамидалар мен матрешкалар;

– әртүрлі дыбыстар шығаратын ойыншықтар;

– қолдан жасалған, ысқыратын, сықырлайтын, шулы заттар. Оларды балалардың көз алдында жасаған жөн. Уақыт өте келе балалардың өздері оларды дайындауға қатысады.

Бұлар:

– бұршақ, тас, құм, түймелермен толтырылған ыдыстар;

– магнитофон лентасы, қағаздар, полиэтилен қиындыларынан жасалған шулы дыбысты заттар және т.б.;

– сым, пластмасса және металл моншақтардан, қоңыраулардан жасалған сылдырмақтар және т. б.;

– шырша бүрлерінен, орауыш қағаздан, шулы теңіз қабыршақтарынан, әр түрлі ағаштан жасалған әр түрлі қалыңдықтағы таяқшалар;

– саздан және ағаштан жасалған ысқырғыштар мен сыбызғы;

– конструкторлар мен мозаика

– әр түрлі бейнелеу материалдары: әр түрлі текстурадағы, тығыздықтағы және түстегі қағаз; ермек саз бен балауыз; бояулар мен қарындаштар, борлар және т. б.

– карама-қайшы өлшемдегі ойыншықтар;

– әртүрлі нысандағы ойыншықтар, оның ішінде дөңгелек (доптар, шарлар және текшелер) ;

– тікелей және кері әрекеттерді: қою - алып тастау, ашу - жабу, тарту - итеру орындауға болатын шаралар;

– ересектер әрекет ететін заттар; қақпағы бар кастрөлдер, әмияндар, сөмкелер, қобдишалар, фотоапарат, телефон, радиоқабылдағыш, сағат және т. б.;

– ірі заттық суреттері бар кітаптар;

– көпшіктер, кілем;

– әткеншек, секіргіш

2,5- 3 жас

Дамытушы ортаны келесідей заттармен толықтырған дұрыс:

- кесілген жалпақ суреттер, суреттері бар текшелер;
- жұпты суреттер;
- үш орынды матрешкалар, 5 сақинадан конустық негіздегі пирамидалар, салынатын нысандар;
 - ұсақ ірі мозайканың 2-3 түрі (оның ішінде геометриялық);
 - үлгілері берілмеген бұйымдар – жинтықталмаған әртүрлі конструкторлар;
 - әр түрлі дыбыстар шығаратын ойыншықтар - пианино, арфа немесе гитара, сыбызғы, гармон, маракас және дабыл, сылдырмақ, зырылдауық, қоңыраулар;
 - құм мен сумен ойнауға арналған құралдар, түрлі қалыптар (соның ішінде әр түрлі пішіндегі қаптамалар), қалқитын ойыншықтар, шелектер мен лейкалар;
 - түрлі көлемдегі банкілер;
 - қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған құралдар-баулар, бекітілетін кілемшелер;
 - шағын заттарды сақтауға арналған шаралар-сөмкелер, қобдишалар, әмияндар, және т. б.
 - ірі және орташа машиналар, киім, жиһаз, ыдыс-аяқ жиынтығы бар орташа көлемдегі қуыршақтар;
 - сюжеттік ойындар жиынтығы;
 - ойыншық жануарлар (табиғи бояу);
 - мата доптар;
 - үлкен жұмсақ ойыншықтар мен едендік жастықтар;
 - балаларға арналып өңделген классикалық музыка жазбалары бар: балалар әндері, би әуендері, табиғат дыбыстары бар аудио таспалар:
 - баланы шынайы қоршаған ортасының заттарын бейнелейтін, анық иллюстрациялық суреттері бар кітаптар, жануарлар туралы кітаптар;
 - балалар жиһазы, үстел, орындық.

Барлық ойыншықтарды оңай өңдеу керек, оларда ұсақ бөлшектер болмауы керек. Олардың бәрін балалар тістеп көретіндіктен, материал қауіпсіз және жоғары сапалы, негізінен қолдың ұсақ моторикасын дамыту арналған болуы тиіс.

БАЛАЛАРДЫ ОЙЫНДАРДА ДАМЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Ойын балаларды жалпы дамытуға және оларды әлеуметтендіруге арналған жетекші әрекет түрі болып табылады. Ойында олар өз қалауымен бірігеді, өз бетінше әрекет етеді, өз ойларын жүзеге асырады, әлемді таниды.

Ойын әрекеті әр баланың физикалық және психоәлеуметтік дамуына, адамгершілік-ерік қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Өмірдің алғашқы жылында бала үшін сюжеттік ойыншықтар әрекет жасауға болатын басқа заттармен бірдей болады: ол ойыншықтарға қарайды, бір жерден екінші жерге қояды, оларды тарсылдатады, лақтырады және т.б. Егер ересектер балаға ойыншықтармен қалай ойнауға болатынын көрсетсе, онда 10-11 айда бала олардың ойындағы мақсатын игере бастайды: ересектермен бірге ол қуыршақты тамақтандырады, оны төсекке жатқызады, шомылдырады. Алайда, мұндай әрекеттер әлі де өте қысқа мерзімді болады және ересектер болмаған кезде бала олармен әрекет жасамайды. Бұл жаста ересектер ойыншықтарды немесе әртүрлі заттарды көрсетіп, олардан дыбыстар және шу шығара отырып, нәрестені қызықтырады.

Өмірінің екінші жылында бала алмастырушы заттармен ойын әрекеттерін дербес орындай бастайды.

Осы кезеңде балаларда ойынға деген ынта қалыптаса бастайды. Бала алғашқы ойын әрекеттерін ересектің бастамасымен жасайды. Бірте-бірте ойындарға деген қызығушылығы артады, ол ересектің бастамасымен ойынға ықпалымен кіріседі, көбінесе ол бірнеше минут ішінде қысқа, содан кейін неғұрлым ұзақ ойын эпизодтарын ойнайды.

Бала өмірінің екінші жылында ойын әрекеттерінің құрылымы мен сипаты өзгереді: олардың саны мен түрлері артады, олар неғұрлым дербес, тұрақты, саналы, жалпы болады. Мысалы, ол алдымен қуыршақты тамақтандырады, содан кейін шашын тарайды, жуындырады.

Өмірінің екінші жылында баланың бойында ойнау үшін ортаға деген қажеттілік пайда болады. Жүруді үйренген соң, ол қимылға деген қажеттілігін және қоршаған ортада бағдарлауын қанағаттандыруға мүмкіндік алады. Бақылаулар көрсеткендей, бұл жастағы балалар есіктерді, жәшіктерді, қораптарды ашып-жабуды, олардың ішіндегі заттарды алып және оларды қоюды ұнатады. Бала қағазға арналған себетті қуана қарайды, заттар мен ойыншықтарды бір орыннан екінші орынға ауыстырады.

Ересектерге еліктеудің сипаты да өзгереді. Балалар ересектердің көрсеткен ойын әрекеттерін қайталап қана қоймайды, сондай-ақ ойын барысында өмірдің әртүрлі құбылыстарын өз бетінше бейнелеп ойнай бастайды: қыз бала қуыршағын тамақтандырады, оны әлдилейді, оған ән айтып береді. Барлық қозғалатын заттар (автомобиль, трамвай, ұшақ) балалардың қызығушылығын тудырады. Осы жаста машина баланың сүйікті ойыншықтарының біріне айналады. Кейде бала қозғалысқа қызығып қана қоймайды, сондай-ақ бейнелі ойынды жасайды, мысалы аюды көлікпен алып жүреді, содан кейін оны түсіріп тастайды және т.б.

Құрастыру әрекеттері пайда болады: ойыншық-қыстырмалармен, мұнарамен ойнау. Бала мұнараның сақиналарын алып, оларды қайта кигізе алады, бірақ ретімен кигізуді білмейді. Бала заттардың өлшемін ажырата алуы мүмкін, бірақ оны сақиналардың орналасу тәртібі емес, сақиналарды кигізу процесі ғана қызықтырады. Осы жаста көптеген балаларда заттар мен ойыншықтарды сындыруға, лақтыруға деген бейімділік қалып қояды. Алайда сындыру құрастырумен үйлесім табады (егер ересектер оны құрастыруға, жинауға және т.б. үйреткен болса). Бала барлық бөлшектерді саңырауқұлақтың өзегіне кигізеді, содан кейін оны құлатып, қайтадан жинау үшін сақиналарды шашып тастайды. Әдетте, бала жиналған саңырауқұлақтың сақиналарына тағы да белгілі бір пішін беруге қуана кіріседі.

Бала қимылдарының үйлесімі әлсіз дамуына, сенсорлық қабілеті мен сөйлеу деңгейінің төмен болуына байланысты ерте жаста заттармен әрекет жасауға үйрету негізінен жеке жүргізілуі тиіс. Бір сабақты балалармен 5-8 рет қайталаған жөн. Қайталау жиілігі дидактикалық міндеттердің мазмұнымен және бағдарламалық материалды игеру деңгейімен анықталады.

Шамамен өмірінің екінші жылының соңында қиялдағы заттармен ойындар пайда болады (бір затты басқа ауыст затпен ауыстыруы мүмкін). Әдетте, ойын бейнені жасауға көмектесетін сөйлеумен қатар жүреді. Мысалы, қыз бала қуыршағын қиялдағы ботқамен тамақтандырады, оған қиялдағы сүтті ішуге береді. Табақ пен тостағанды кішкентай қораптың қақпағымен ауыстырады.

Жалған заттармен ойнау барысында балада қиялдың белгілері көрінеді. Олар ересектердің еңбегіне еліктеуге тырысады: еденді сүртеді, гүлдерді суарады және т.б. әрекеттер жасайды. Балалар ойыншықтармен ойнағанда жеке ерекшеліктерін түрліше көрсетеді. Біреулері тұрмыстық заттарды жақсы көрсе, ал басқалары қуыршақтар мен ойыншық жануарларды ұнатады. Кейбіреуі кішкентай заттарға, ал біреулері керісінше үлкен, көлемді заттарға қызығады. Алайда, талғамдары әртүрлі болса да, бәріне ортақ нәрсені атап өтуге болады: барлық балаларды өздерінің қалауына сәйкес әрекет ете алатын ойыншықтар мен заттар қызықтырады.

Бала өмірінің үшінші жылы – осы кезеңде бала өмірінің екінші жылындағы барлық жетістіктері жетілдіріледі. Ойынның қажеттілік-мотивациялық жағы айтарлықтай артады. Бала ұзақ уақыт өз бетінше ынтамен ойнай алады, көбінесе сюжеттік ойыншықтармен ойынды басқа әрекеттерден артық көреді. Ересектің ойынға үнемі қатысуы соншалықты қажет емес: ойыншықтардың өзі баланың ойынға ұмтылысын тудырады. Ойын әрекеттерінің құрамы мен құрылымы жетілдіріледі, олардың түрлері айтарлықтай артады.

Өмірінің үшінші жылының екінші жартыжылдығында балаларда бірте-бірте өзіне және серіктесіне саналы түрде рөл беруді көздейтін рөлдік мінез-құлық қалыптаса бастайды. Бала өзін анасы, әкесі, апайы, қызы немесе ұлы және т.б. деп атай бастайды. Ойын шығармашылық сипатқа ие болады.

Ерте жастың соңына қарай рөлдік ойынға – мектеп жасына дейінгі жетекші әрекетке көшу үшін негізгі алғышарттар қалыптасады.

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН ПЕДАГОГ ТҰЛҒАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Тұлғаға бағытталған педагогика тәрбиешінің жеке басына ерекше талаптар қояды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары-шынайылық, басқа адамды позитивті қабылдау, эмпатия, эмоционалдылық. Олардың әрқайсысына тоқталайық.

Шынайылық. Кішкентай балалар ересектердің қарым-қатынасына өте сезімтал келеді, немқұрайлықты, жаратпаушылықты сезімталдықпен болжайды. Тәрбиешінің баламен шынайы қарым қатынасы ресми емес, баланың ойы мен алаңдаушылығына назар аударып, ашықтық танытуынан байқалады.

Басқа адамды позитивті қабылдау балаға ешқандай жағдайсыз оң көзқарасты білдіреді, мысалы, «мен сені тәртіпті болған кезде ғана жақсы көремін». Бір қарағанда, бұл тұжырым алдыңғы қағидаға қайшы келеді, оған сәйкес педагог оң және теріс эмоцияларды шынайы білдіруі тиіс. Алайда, баланы сөзсіз қабылдау оның жеке басын толық қабылдауды білдіреді, бірақ дұрыс емес мінез-құлықты айыптауды жоққа шығармайды. Басқаша айтқанда, ересек адам оған жағымды ғана емес, сонымен бірге жағымсыз сезімдерді де білдіре алады, бірақ оның оны қорлауға құқығы жоқ

Эмпатия – бұл басқа адамның көзқарасын, оның сезімдерін, қобалжуын қабылдау қабілеті. Эмпатия баланың сөздерін тыңдау, байқау ғана емес, сонымен бірге баланы түсінуді талап етеді.

Эмпатикалық қарым-қатынас кезінде ересек баланы тыңдайды, оны түсінетіндігін айтады, онымен қуанышты бөліседі, ренішін жеңілдетуге көмектеседі.

Эмоционалдылық – бұл ерте жастағы балалармен қарым-қатынаста қажет қасиет. Ересектердің мейірімді қарым-қатынасы, жауапкершілігі, мәнерлі сөзі мінез-құлқына жағымды әсер етеді, баланың көңіл-күйінің көтерілуіне, топта жайлы ахуалды қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай педагогпен қарым-қатынаста бала өзінің эмоционалды тәжірибесін алады.

Педагог кәсіби маман ретінде:

– ерте жастағы балалардың жас ерекшеліктерін жақсы білуі, әр түрлі жас кезеңдерінде баланың дамуының психологиялық заңдылықтары туралы түсінікке ие болуы;

– ерте жастағы балаларға күтім жасаудың тиісті дағдыларына ие болуы;

– ерте жастағы балаларға арналған заманауи білім беру бағдарламаларымен таныс болуы;

– балалармен ойнай білу, балалар көркем әдебиетін (ертегілер, өлеңдер, тақпақтар, әндер) білу, көркем-эстетикалық әрекеттің әртүрлі түрлерінде дағдылана білуі;

– қарым-қатынас және сөйлеу мәдениетін меңгеру (этикалық нормаларды сақтау, ата-аналармен баланың ерекшеліктерін талқылау кезінде әдептілік таныту, әріптестермен қарым-қатынаста ықыласты және тілектестікте болуы және т. б.) (ол сауатты, дұрыс әдеби сөйлеудің үлгісі болуы керек) тиіс.

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Әлеуметтік тәжірибені жинақтауда отбасының маңызы ерекше зор. Балаларды ерте әлеуметтендірудің агенттері ата-аналары, аға-інілері мен әпке-қарындастары, ата-әжелері, жақын және алыс туыстары, бала күтушілері, отбасылық достары, құрдастары болып табылады. Ерте жастағы балалардың ата-аналарымен ынтымақтастық отбасылық тәрбиенің әлеуетін тиімді қолдануға құрылады.

Мектепке дейінгі ұйымның міндеттері:

– ерте жастағы балаларды жан-жақты дамытуға, олардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға байланысты міндеттерді шешуде педагогтер мен отбасының күш-жігерін біріктіру;

– тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара түсіністік пен сенім орнату, бала қызығушылығы үшін ата-аналармен ынтымақтастық орнату;

– ата-аналардың қажеттіліктерін, педагогикалық құзыреттілік деңгейінің мүдделерін ескере отырып, олармен консультациялық-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыру.

Дамудың ерте кезеңдерінде әлеуметтендіру бала мінез-құлық үлгілерін игеретін және көптеген маңызды әрекеттерді үйренетін отбасында жүзеге асырылады. Алайда, ата-аналардың өздері балаларымен қарым-қатынас жасау барысында қиындықтарға жиі ұшырайтынын атап өткен жөн, себебі баланы тәрбиелеу мен күтім жасау мәселелері бойынша пікірлер де айырмашылықтар орын алады. Бұған қарым-қатынастағы сәтсіз жеке тәжірибе, психологиялық-педагогикалық білім мен біліктердің жетіспеуі және т.б. себеп болуы мүмкін.

Қойылған міндеттерді шешу ата-аналармен жұмыстың әртүрлі нысандары арқылы жүзеге асырылады. Ынтымақтастық нысандары әртүрлі болуы мүмкін: сауалнама жүргізу, әңгімелесу, тренингтер, сөйлеу мен қол моторикасын дамыту бойынша жеке ұсыныс карталары, телефон арқылы хабарласу, психологиялық-педагогикалық консультациялар (мысалы, «Баланың әлеуметтік дамуына қалай ықпал ету керек», «Баланы табиғат әлемімен қалай таныстыруға болады», «Балаларда дербестікті қалыптастыру») әлеуметтік желілер және т.б.

Атап өтерлік жайт, көп жағдайда ата-аналарға балаларды күту, тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде көмек қажет болады. Мұның себептері отбасындағы тәрбие жүйесі туралы пікірлердің қайшылығынан болуы мүмкін. Ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынас әлеуметтендірудің шешуші кезеңі болып табылады.

Сенімді қарым-қатынастың болмауы әлеуметтендіру процесін қиындата түседі. Отбасында дамып келе жатқан бала ересек отбасы мүшелеріне еліктейді. Отбасында тәрбиелене отырып, бала жеке гигиена дағдыларын игереді, күн тәртібіне және тәртіпке үйренеді, алғашқы кітапшасымен және ертегілермен танысады, жақсылық пен жамандықтың не екенін білетін болады.

Бала отбасында алған қарым-қатынас дағдыларымен шектеліп қалмайды. Күн сайын ата-аналар балаларымен серуендейді, мұның өзі физикалық денсаулықты нығайтып қана қоймайды, сондай-ақ баланы әлеуметтендірудің маңызды кезеңі болып табылады. Бала серуен кезінде ойын алаңында,

құмсалғышта басқа балалармен танысады. Бейтаныс балалармен араласа келе, бала қоғамдағы болашақ өмірге дайындалады.

Қазіргі кезде балалары мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған ата-аналарға арналған консультациялық пункт сынды вариативтік нысандар тәжірибеге белсенді енгізілуде. Мұндай пункттердің қызметі балаларды әлеуметтендіруге бағытталған. Бұл пункттердің жұмыс тәртібі МДҰ-ның келісімі бойынша ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметкерлерінің жұмысы ата-аналардың әлеуметтік тапсырысын, балалардың қызығушылықтарын іске асыру болып табылады. Ата-аналардың қатысуынсыз тәрбие процесі толыққанды болмайды, осыған байланысты ата-аналармен өзара ынтымақтастықтың заманауи нысандарын қолдану икемді және тиімді болуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ерте жас – баланың психикалық дамуының маңызды және жауапты кезеңі. Бұл баланың әлеуметтік қатынастар әлеміне ену, оның қоғамда әлеуметтік бейімделу кезеңі, бұл кезеңде баланың сөйлеуі, ойыны, құрдастарымен қарым-қатынасы, өзі, басқалар және жалпы әлем туралы алғашқы түсініктері қалыптасады.

Өмірінің алғашқы үш жылында адамның маңызды және негізгі қабілеттері: танымдық белсенділік, білуге құмарлық, өзіне және басқа адамдарға деген сенімділік, мақсаттылық пен табандылық, қиял, шығармашылық ұстаным және т.б. қалыптасады. Бұл қабілеттер өздігінен пайда болмайды, олар ересек адамның тікелей қатысуын және әрекет түрлерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес болуын қажет етеді.

Балабақша жағдайында әлеуметтік-педагогикалық қызмет – бұл балаға, педагог пен ата-анаға өзінің даралығын дамытуға, туындаған мәселелерді шешуге және қарым-қатынас барысында осы мәселелерді еңсеруге, сондай-ақ баланың қоғамда қалыптасуына көмектесуге бағытталған педагогикалық және психологиялық қызметті қамтиды.

Әлеуметтендіру процесіне әлеуметтендіру агенттері, яғни тікелей өзара әрекет ететін адамдар (отбасы, педагогтер, айналасындағы адамдар) ықпал етеді. Бала өмірінің 2-3 жылында сөйлеу құрдастарымен қарым-қатынас жасау құралына айналады. Ойын әрекеттік сипатқа ие болады.

Дұрыс ұйымдастырылған дамытушы заттық-кеңістіктік дамытушы орта және ересектер мен балалардың ортасы тәрбиеленушілерді оң әлеуметтендіруді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің міндеті ерте жастағы балаларды әлеуметтендіру мәселелері бойынша белгілі бір кәсіби дағдыларды, педагогикалық білімді меңгеру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы).
3. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы.
4. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы.
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы.
6. Педагогика детей раннего возраста, Галигузова Л.Н., Мещерякова С.Ю., 2007.
7. Выготский, Л.С. Психология / Л.С. Выготский. - М.: Эксмо-Пресс, 2000. -1008 с.
8. Донцев, Н.А. Самовоспитание личности / Н.А. Донцев. - М.: Просвещение, 1984. - 112 с.
9. Кони, И. Ребенок и общество / И. Кони. - М.: Просвещение, 1988.-117с.
10. Костяк, Г. В. Психологическая адаптация ребенка в детском саду, М.: Академия, 2008. - 176 с.
11. Мухина, В.С. Психология детства и отрочества. Учебник для студентов психолого-педагогических факультетов ВУЗов. М.: Институт практической психологии, 1998. - 488 с.
12. Обухова, Л.Ф. Детская психология: теории, факты, проблемы. М.: Тривола, 1995. - 360 с.
13. Лисина, М. И. // Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии // Общение со взрослыми у детей первых семи лет жизни/- М., 1981., - С. 109
14. Репина, Т. А. Группа детского сада и процесс социализации мальчиков и девочек. Дошкольное воспитание. - 1984.- №4. с 28 - 30.
15. Социально-эмоциональное развитие ребенка в дошкольный период, СПб, РПГУ им. Герцена, 1999, 154 с.

16. Хрестоматия по возрастной психологии. Учебное пособие для студентов: Сост. Л. М. Семенюк. Под ред. Д. И. Фельдштейна. -Издание 2-е, дополненное. М.: Институт практической психологии, 1996. -304 с.

